

"Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операцияларды бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 61 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2848. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 97 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 97 Қаулысымен .

----- Қаулыдан үзінді -----

"Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері жүзеге асыратын операциялардың бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4

5

6. ...

Ұ л т т ы қ Б а н к

Ә. Сәйденов

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 8

қ а р а ш а д а ғ ы

N 9 7

қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының күші жойылды деп танылатын
қаулыларының тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операцияларды бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 61 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 13 мамырда N 2848 тіркелген).

*2
3*

4. ...

Ескерту: Қаулының атауына, кіріспесіне және 1-тармағына өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 5 желтоқсандағы N 155 қаулысымен .

"Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы операциялар бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында бухгалтерлік есепке алуды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді :

1. Қоса беріліп отырған "Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операцияларды бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне және сақтандыру "қайта сақтандыру" ұйымдарына жіберсін .

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын

қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 6 с ә у і р д е г і
N 61 қаулысымен бекітілген

Ескерту: Нұсқаулықтың оң жақ бұрышындағы сөздерге өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

"Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы" сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операцияларды бухгалтерлік есепке алу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.12.05.N 155 қаулысымен .

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңдарына , халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы Нұсқаулық "Жалпы сақтандыру" және "өмірді сақтандыру" салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операцияларды бухгалтерлік есепке алуды жан-жақты көрсетеді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 5 желтоқсандағы N 155 қаулысымен .

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық есепті ашуы мен ұсынуына қойылатын талаптарды, сондай-ақ есеп саясатын қалыптастыруға қойылатын талаптарды халықаралық қаржылық есептілік стандарттары белгілейді .

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Сақтандыру қызметі туралы", "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы", "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында, өзге де нормативтік құқықтық актілерде және халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

2-бөлім. "Жалпы сақтандыру" саласындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша операцияларды есепке алу

1-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша операцияларды есепке алу

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасы осы шарт күшіне енген күннен бастап кіріс болып танылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша кіріс танылған күннен бастап қаржылық есеп берумен танылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген күннен бастап шығыстар есебінен қалыптастырылатын және қаржылық есепте танылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптарды айқындайтын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) нормативтік құқықтық актісіне сәйкес еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві есептеледі.

Еңбек сіңірілмеген сыйлықақының қалыптастырылған резервін және соның есебінен осы резерв қалыптастырылған шығыстарды азайту есептеу әдісіне сәйкес жүргізіледі.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген күннен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) сыйлықақысы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы"
301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы"
Кт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер".

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептелген сақтандыру сыйлықақысын нақты алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",
451 "Ұлттық валютамен кассадағы қолма-қол ақша"
Кт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы"
301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы"

7. Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

1) қалыптастырылатын еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві сомасына:
Дт 801 41 "Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастыру
б о й ы н ш а ш ы ғ ы с т а р "

Кт 687 41 "Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві";

2) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастыру кезінде оны қалыптастыру сомасына:

Дт 301 48 "Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта
с а қ т а н д ы р у а к т и в т е р і "

Кт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге
б а й л а н ы с т ы к і р і с т е р " .

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін азайтуды жүзеге асыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін азайту сомасына:
Дт 687 41 "Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві"

Кт 801 41 "Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастыру
б о й ы н ш а ш ы ғ ы с т а р " ;

2) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активін оны азайту сомасына азайтқан кезде:

Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге
б а й л а н ы с т ы к і р і с т е р "

Кт 301 48 "Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта
с а қ т а н д ы р у а к т и в т е р і " .

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес ол күшіне енгенге дейін сақтандырушы (қайта сақтандырушы) сақтандыру сыйлықақысын алдын ала төлеуді жүзеге асырған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) алдын ала төленген сақтандыру жарнасы сомасына сақтандыру сыйлықақысын төлеуді жүзеге асырған күні:

Дт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",
451 "Ұлттық валютамен кассадағы қолма-қол ақша"

Кт 662 41 "Сақтандырушы (қайта сақтандырушы) алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақысы";

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген күнгі:
Дт 662 41 "Сақтандырушылар (қайта сақтандырушылар) алдын ала
төлеген сақтандыру сыйлықақысы"
Кт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер".

10. Сақтандыру агентінен және сақтандыру брокерлерінен алынған делдалдық қызмет көрсетуге комиссиялық сыйақы төлеген кезде делдалдық қызмет көрсету туралы шарттың талаптарына байланысты мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) сақтандыру агентіне немесе сақтандыру брокеріне алдын ала комиссиялық сыйақы төлеуді жүзеге асырған кезде:
есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт 352 "Жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге берілген
аванстар" (бөлек қосалқы шот ашылады)

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша";
комиссиялық сыйақыны есептеу әдісіне сәйкес шығыстар шотына жатқызған кезде,
есептелген шығыстар сомасына:

Дт 821 44 "Сақтандыру брокерлерінің қызмет көрсетуіне ақы төлеу
бойынша шығыстар" (сақтандыру агенті үшін бөлек қосалқы
шот ашылады)

Кт 352 "Жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге берілген
аванстар" (бөлек қосалқы шот ашылады);

2) сақтандыру агенті және сақтандыру брокері көрсеткен қызметтер үшін комиссиялық сыйақы есептеу бухгалтерлік есепте делдалдық қызмет көрсету туралы шарт қолданылатын кезеңде есептеу әдісіне сәйкес көрсетіледі. Бұл ретте мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

есептеу әдісіне сәйкес есептеген комиссиялық сыйақы сомасына:
Дт 821 44 "Сақтандыру брокерлерінің қызмет көрсетуіне ақы төлеу
бойынша шығыстар" (сақтандыру агенті үшін бөлек қосалқы
шот ашылады)

Кт 671 41 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша
делдалдармен есеп айырысу";

комиссиялық сыйақыны нақты төлеуді жүзеге асырған кезде:
Дт 671 41 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша
делдалдармен есеп айырысу"

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша".

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын мерзімінен бұрын бұзған жағдайда сақтандырушы (қайта сақтандырушы) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында не Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тұлғаға Қазақстан

Республикасының заң актілерінде немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында көзделген негіздер бойынша сақтандыру сыйлықақыларын толық көлемде немесе жұмсалған шығыстарды шегеріп тастап қайтарған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында не Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тұлғаға сақтандыру сыйлықақысы сомасын қайтарған жағдайда ағымдағы және кейінгі ж ы л д а р д а :

Дт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер"

Кт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу",

671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу";

2) нақты төленетін ақша сомасына:

Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"

671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу"

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",

451 "Ұлттық валютамен кассадағы қолма-қол ақша".

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру резервтерімен жасалатын операцияларды есепке алу

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін қалыптастыруды немесе азайтуды кемінде айына бір рет өзінің есепке алу саясатына сәйкес бухгалтерлік есепте көрсетеді.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есепке алу әдістемесіне қойылатын талаптарды айқындайтын уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шығындар резервін және қосымша резервтерді қалыптастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) орын алған, бірақ жария етілмеген шығындардың қалыптастырылатын р е з е р в і с о м а с ы н а :

Дт 801 42 "Орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар"

Кт 687 42 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резерві";

2) жария етілген, бірақ реттелмеген шығындардың қалыптастырылатын р е з е р в і с о м а с ы н а :

Дт 801 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар"

Кт 687 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резерві";

3) қалыптастырылатын қосымша резервтер сомасына:

Дт 801 46 "Қосымша резервтерді қалыптастыру бойынша шығыстар"

Кт 687 46 "Қосымша резервтер".

14. Қайта сақтандыру шартына сәйкес тәуекелдердің бір бөлігін қайта сақтандырушыға берген жағдайда қайта сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап актуарлық қорытынды негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы шығындар резервтері және қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активі сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активі сомасына:

Дт 301 49 "Орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар бойынша
қайта сақтандыру активтері"

Кт 701 42 "Қайта сақтандырушы сақтандыру төлемдерін өтеуге
байланысты кірістер";

2) жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активінің сомасына:

Дт 301 52 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша
қайта сақтандыру активтері"

Кт 701 42 "Қайта сақтандырушы сақтандыру төлемдерін өтеуге
байланысты кірістер";

3) қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері сомасына:

Дт 301 53 "Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері"

Кт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге
байланысты кірістер".

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

15. Актуарлық қорытындылар негізінде шығындар резервін және қосымша резервтерді азайтқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар резервін азайту сомасына:

Дт 687 42 "Орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар резерві"

Кт 801 42 "Орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар резервін
қалыптастыру бойынша шығыстар";

2) жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар сомасына:

Дт 687 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар"

Кт 801 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резервін
қалыптастыру бойынша шығыстар";

3) қосымша резервтерді азайту сомасына:

Дт 687 46 "Қосымша резервтер"

Кт 801 46 "Қосымша резервтерді қалыптастыру бойынша шығыстар".

16. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бөлінбеген пайда (орны жабылмаған шығын) есебінен алдын алу шараларының резервін қалыптастырған

кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:
Дт 561 "Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (орны жабылмаған шығын) ",
562 "Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (орны жабылмаған шығын) "
Кт 552 "Басқа резервтік капитал" (бөлек қосалқы шот ашылады).

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

17. Тиісті алдын алу және кепілді іс-шараларын (алдын алу іс-шаралары - сақтандыру жағдайларының алдын алуға, кепілді іс-шаралар - басталған апатпен күресуге бағытталған іс-шаралар) қаржыландыру үшін қажетті алдын алу іс-шараларына бұрын қалыптастырылған резервті пайдаланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) есептелген ақша сомасына:
Дт 552 "Басқа резервтік капитал"
Кт 671 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты кредиторлық берешек" (бөлек қосалқы шот ашылады);

2) нақты төленген ақша сомасына:
Дт 671 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты кредиторлық берешек" (бөлек қосалқы шот ашылады)
Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",
451 "Ұлттық валютамен кассадағы қолма-қол ақша".

18. Қайта сақтандыру активтерін азайту (түзету) кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру ұйымы) қайта сақтандыру шартына сәйкес бухгалтерлік есепте шығындар резервтері және қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері сомасын азайтады және мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге байланысты кірістер"
Кт 301 49 "Орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері";

2) жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активінің азаю (түзету) сомасына:

Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге байланысты кірістер"

Кт 301 52 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері";

3) қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге байланысты кірістер"

Кт 301 53 "Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері".

Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру төлемдері операцияларын есепке алу

19. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына немесе Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша берешек сомасына азайтылған сақтандыру төлемін жүзеге асырады, сонымен қатар мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) сақтандырушы:

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі сомасын есептеген кезде:

Дт 687 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резерві"
687 46 "Қосымша резервтер"

Кт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",
301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы",
және сонымен бір мезгілде осы сомаға:

Дт 801 47 "Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстар"

Кт 801 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар",
801 46 "Қосымша резервтерді қалыптастыру бойынша шығыстар";

сақтанушыға (пайда алушыға) нақты сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде төлем сомасына:

Дт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу"

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",
451 "Ұлттық валютамен кассадағы қолма-қол ақша".

2) қайта сақтандырушы:

қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі сомасын есептеген кезде:

Дт 687 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резерві",
687 46 "Қосымша резервтер"
Кт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
және сонымен бір мезгілде осы сомаға:
Дт 801 48 "Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге
асыру бойынша шығыстар"
Кт 801 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резервін
қалыптастыру бойынша шығыстар",
801 46 "Қосымша резервтерді қалыптастыру бойынша шығыстар";
сақтанушыға (пайда алушыға) нақты сақтандыру төлемін жүзеге асырған
к е з д е т ө л е м с о м а с ы н а :
Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша".

4-тарау. Кері талап ету (суброгация) бойынша операцияларды есепке алу

20. Құжаттар, дәлелдемелер және сақтандырушының оған ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төленген сома шегінде талап ету құқығы сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) Келтірілген зиянға жауапты тұлғаға талап қою құқығына есептелген сомаға :

Дт 301 45 "Келтірілген зиянға жауапты тұлғаға қойылатын талап"

Кт 701 44 "Кері талап ету бойынша өтем жасауға байланысты кірістер";

2) нақты алған кезде ақша сомасына немесе мүлікке:

Дт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",

451 "Ұлттық валютамен кассадағы қолма-қол ақша",

12 "Негізгі құрал-жабдықтар",

20 " М а т е р и а л д а р "

Кт 301 45 "Келтірілген зиянға жауапты тұлғаға қойылатын талап".

21. Қайта сақтандыру шартына сәйкес келтірілген шығынға жауапты тұлғадан қайта сақтандырушыға мүлік түрінде немесе ақшалай алынған кері талап ету бойынша өтемақы берген кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өтемақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) қайта сақтандырушыға есептелген мүлікті немесе ақшаны өтеу бойынша есептелген шығыс сомасына :

Дт 801 50 "Кері талап ету бойынша қайта сақтандырушыға өтем жасау

б о й ы н ш а ш ы ғы с т а р "

Кт 671 45 "Кері талап ету бойынша қайта сақтандырушыға өтем жасау бойынша есептелген шығыстар";

2) төленетін өтем жасау сомасына:

Дт 671 45 "Кері талап ету бойынша қайта сақтандырушыға өтем жасау бойынша есептелген шығыстар"

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",

432 02 "Шетел валютасымен ағымдағы шоттардағы ақша",

451 "Шетел валютасымен кассадағы қолма қол ақша",

12 "Негізгі құрал-жабдықтар",

20 "Материалдар".

5-тарау. Қайта сақтандыру бойынша операцияларды есепке алу

22. Қайта сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап қайта сақтанушы қайта сақтандырушыға осы шартта белгіленген сақтандыру сыйлықақысы сомасын төлейді. Бұл ретте қайта сақтанушы мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) қайта сақтандырушыға төленетін есептелген сақтандыру сыйлықақысы с о м а с ы н а :

Дт 801 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар" (бөлек қосалқы шот ашылады)

Кт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу";

2) нақты төленетін сақтандыру сыйлықақысы сомасына:

Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу"

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",

431 02 "Шетел валютасымен ағымдағы шоттардағы ақша".

23. Қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыдан комиссиялық сыйақы түрінде кірісті есептеген және/немесе алған кезде қайта сақтанушы мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) қайта сақтандыру шарты күшіне енген кезде:

Дт 332 41 "Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер"

Кт 701 43 "Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық кірістер";

2) ақшаны нақты алған кезде:

Дт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",

431 02 "Шетел валютасымен ағымдағы шоттардағы ақша"

Кт 332 41 "Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер".

24. Қайта сақтандырушы қайта сақтанушыға төленетін комиссиялық сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) комиссиялық сыйақы сомасын есептеген кезде:
Дт 821 41 "Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақы төлеу"
Кт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"

2) комиссиялық сыйақы сомасын нақты төлеген кезде:
Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша",
431 02 "Шетел валютасымен ағымдағы шоттардағы ақша".

25. Егер қайта сақтандыру шартының талаптарында қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақы төлеу бойынша қайта сақтандырушының берешек сомасын және қайта сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша сақтанушының берешек сомаларын есептеу мүмкіндігі көзделсе, есептелген сомаға мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) қ а й т а с а қ т а н у ш ы :
Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу"
Кт 332 41 "Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер";

2) қ а й т а с а қ т а н д ы р у ш ы :
Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
Кт 301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы".

26. Қайта сақтандырушы сақтандыру жағдайлары туындаған кезде қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес қайта сақтандырылушыға келтірілген шығыстарды өтеген кезде қайта сақтандырылушы мынадай бухгалтерлік ж а з б а л а р д ы о р ы н д а й д ы :

ақшаны нақты алған кезде:
Дт 441 02 "Ұлттық валютадағы ағымдағы шоттардағы ақша",
431 02 "Шетел валютасындағы ағымдағы шоттардағы ақша"
Кт 301 50 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
301 51 "Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
301 52 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
301 53 "Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері".

бір мезгілде, бұрын есептелген қайта сақтандыру активтері сомасының қайта сақтандырушыдан нақты алынған ақша сомасынан асып кеткен жағдайда:
резервтер бойынша қайта сақтандыру активтерінің азаю (түзету) сомасына:
Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне
байланысты кірістер"
Кт 301 50 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары
бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта
сақтандыру активтері",
301 51 "Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар
бойынша қайта сақтандыру активтері",
301 52 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша
қайта сақтандыру активтері",
қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету)
сомасына:

"Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне
байланысты кірістер"
Кт 301 53 "Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру
активтері".

*Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.*

27. Егер қайта сақтандыру шартының талаптарында қайта сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша қайта сақтанушының берешегін және қайта сақтандырушының қайта сақтанушыға сақтандыру төлемі бойынша берешек сомасын есептеу мүмкіндігі көзделсе, есептелетін сомаға мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

1) қайта сақтандырушы:
Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
Кт 301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақысы";
2) қайта сақтанушы:
Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу"
Кт 301 50 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары
бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру
активтері",
301 51 "Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар
бойынша қайта сақтандыру активтері",
301 52 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша
қайта сақтандыру активтері",
301 53 "Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

27-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қайта сақтандыру активтері құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды.

Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға резервтер (провизиялар) жасалған кезде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт	821 47	"Қайта сақтандыру активтері бойынша резервтер (провизиялар) қалыптастыру бойынша шығыстар"
Кт	311 40	"Қайта сақтандыру активтері құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға резервтер (провизиялар)".

Ескерту: 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

27-2. Осы есепті кезеңде қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға қалыптастырылған резервтерді (провизияларды) түзетіп жазған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жасалады:

Дт	311 40	"Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға резервтер (провизиялар)"
Кт	821 47	"Қайта сақтандыру активтері бойынша резервтер (провизиялар) қалыптастыру бойынша шығыстар".

Ескерту: 27-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

27-3. Өткен есепті кезеңдердегі қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға қалыптастырылған резервтерде (провизияларды) түзетіп жазған кезде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт	311 40	"Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға резервтер (провизиялар)"
Кт	727 09	"Басқа да кірістер".

Ескерту: 27-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

27-4. Қайта сақтандыру активтерін жасалған резервтер (провизиялар) есебінен есептен шығарған кезде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт	311 40	"Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындардың орнын жабуға резервтер (провизиялар)"
Кт	301 48	"Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері",
	301 49	"Орын алған, бірақ жария етілмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
	301 50	"Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
	301 51	"Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
	301 52	"Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері",
	301 53	"Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері".

Ескерту: 27-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6-тарау. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры бойынша міндетті жарналар мен шартты міндеттемелерді есепке алу

28. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен (бұдан әрі - Қор) қатысу шартын жасаған сақтандыру ұйымы (бұдан әрі - қатысушы сақтандыру ұйымы), уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес (Қорға қатысушы сақтандыру ұйымдарының міндетті жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімін айқындайтын) міндетті жарна сомасын есептеуді жүзеге асырған күні есептелген міндетті жаңа сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жасайды:

Дт	821 42	"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша шығыстар"
Кт	671 46	"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер".

29. Қатысушы сақтандыру ұйымы міндетті жарналарды Қордың шотына төлеуді жүзеге асырған күні мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

төленетін міндетті жарна сомасына:

Кт	671 46	"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер"
Кт	441 02	"Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша".

30. Уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес (Қорға қатысушы сақтандыру ұйымдарының шартты міндеттемелері ставкасын

есептеу әдістемесін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру және есепке алуды айқындайтын) есептелген шартты міндеттемелерді қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

калыптастырылатын шартты міндеттеме сомасына:

Дт 1003 "Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңдары бойынша шартты төтенше жарналар"

Кт 1053 "Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңдары бойынша шартты міндеттемелер".

31. Қатысушы сақтандыру ұйымы Қордан төтенше жарналарды төлеу туралы хабарлама алған күннен бастап өзінің есепке алу саясатына сәйкес төтенше жарналарды есептейді. Бұл ретте мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

есептелген төтенше жарналар сомасына:

Дт 821 43 "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша шығыстар"

Кт 671 47 "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттеме"

және сонымен бірге шартты міндеттеме сомасы төтенше жарналардың осы сомасына азайтылады:

Дт 1053 "Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңдары бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 1003 "Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңдары бойынша төтенше жарналар".

32. Қатысушы сақтандыру ұйымы төтенше жарналарды нақты төлеген күні мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

төленетін төтенше жарна сомасына:

Дт 671 47 "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттеме"

Кт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша".

33. Қатысушы сақтандыру ұйымы Қазақстан Республикасының заң актілеріне немесе қатысу шартына сәйкес Қордан өтемақы төлемін алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

1) есептелген өтемақы төлемі сомасына:

Дт 301 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты дебиторлық берешек" (бөлек қосалқы шот ашылады)

Кт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер";

2) Қордан өтемақы төлемін нақты алған кезде:
Дт 441 02 "Ұлттық валютамен ағымдағы шоттардағы ақша"
Кт 301 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты дебиторлық берешек" (бөлек қосалқы шот ашылады)

34. Қатысушы сақтандырушы ұйым еріксіз таратылатын қатысушы ұйымның сақтанушысымен міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде және уәкілетті мемлекеттік органның (міндетті жарналар ставкасын және шартты міндеттемелерді есептеу әдістемесін, міндетті және төтенше жарналарды төлеу, сақтандыру ұйымдарының - Қорға қатысушылардың шартты міндеттемелерін қалыптастыру мен есепке алу тәртібі мен мерзімін айқындайтын) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өтемақы төлемдерін алмағанда, бұрын есептелген шартты міндеттемелерді азайтады. Сонымен бірге мынадай бухгалтерлік жазбаны орындайды:

есептелген өтемақы төлемдері сомасына:
Дт 1053 "Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңдары бойынша шартты міндеттемелер"
Кт 1003 "Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңдары бойынша шартты төтенше жарналар".

Сонымен бірге жасалған міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысы түріндегі алынбаған өтемақы төлемдері сомасына еріксіз таратылатын қатысушы ұйымның сақтанушысы мынадай бухгалтерлік жазбаны орындайды:

Дт 671 47 "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер"
Кт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер" (бөлек қосалқы шот ашылады).

7-тарау. Сақтандыру брокерінің қызметіне байланысты операцияларды есепке алу

Ескерту: 2-бөлім 7-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 3 ақпандағы N 15 қаулысымен.

34-1. Сақтанушы сақтандыру брокері көрсеткен делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық сыйақы сомасына сақтандыру сыйлықақысының сомаларын тікелей сақтандыру ұйымына аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

Дт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері"
Кт 701 46 "Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері";

нақты алынған комиссиялық сыйақы сомасына:
Дт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша"
Кт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық
кірістері".

*Ескерту: 34-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.*

34-2. Сақтандыру брокері өз атынан және қайта сақтандырушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру ұйымынан алуға есептелген және қайта сақтандыру ұйымы сақтандыру брокері арқылы аударатын есептелген қайта сақтандыру сыйлықақысының сомасына қайта сақтандыру шартын жасаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

Дт 301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары"
Кт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу";

1) сақтандыру брокеріне қайта сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінен тиесілі есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық
кірістері"
Кт 701 46 "Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері";

2) сақтандыру ұйымынан нақты алынған қайта сақтандыру сыйлықақысының
с о м а с ы н а :

Дт 431 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша",
441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша"
Кт 301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру
с ы й л ы қ а қ ы л а р ы " .

*Ескерту: 34-2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.*

34-3. Қайта сақтандыру сыйлықақысын қайта сақтандыру ұйымына аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) комиссиялық сыйақы түрінде ұсталатын кіріс сомасына:
Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу"
Кт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық
кірістері";

2) қайта сақтандыру сыйлықақысын резидент емес қайта сақтандыру ұйымына резидент еместің кірістерінің төлем көзінен ұсталатын салық сомасына:

Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу"
Кт 639 "Басқа да салықтар, алымдар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер";

3) қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандыру ұйымы төлейтін қайта сақтандыру сыйлықақысының қалған сомасына:

Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу"
Кт 431 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша",
441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша".

Ескерту: 34-3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

34-4. Сақтандыру брокері өз атынан және қайта сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шартын жасаған және қайта сақтанушы қайта сақтандыру сыйлықақысының сомаларын тікелей қайта сақтандыру ұйымына аударған жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:
Дт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері"
Кт 701 46 "Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері";

2) нақты алынған комиссиялық сыйақы сомасына:
Дт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша"
431 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша",
Кт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері".

Ескерту: 34-4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

34-5. Сақтандыру брокері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан сақтандыру төлемдерін жинау бойынша қызмет көрсеткен кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан алынатын сақтандыру төлемдерінің сомасына:
Дт 301 "Алу шоттары" (сақтандыру ұйымынан алынатын сақтандыру төлемдерінің сомаларын есепке алуға арналған бөлек субшот),

Кт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу",
671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу";

2) сақтандыру брокеріне сақтандыру төлемінің мөлшерінен тиесілі есептелген комиссиялық сыйақының сомасына:

Дт 332 46 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері"

Кт 701 46 "Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері";

3) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) аударылатын нақты алынған сақтандыру төлемдерінің сомасына:

Дт 431 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша",

441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша"

Кт 301 "Алу шоттары" (сақтандыру ұйымынан алынатын сақтандыру төлемдерінің сомаларын есепке алуға арналған бөлек субшот),

Ескерту: 34-5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

34-6. Сақтандыру брокері сақтанушыларға (қайта сақтанушыларға) сақтандыру төлемін аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) комиссиялық сыйақы түрінде ұсталған кіріс сомасына:

Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу",

671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу"

Кт 332 44 "Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері";

2) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) төленетін сақтандыру төлемінің қалған сомасына:

Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу",

671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу"

431 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша",

Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша".

Ескерту: 34-6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

34-7. Сақтандыру брокері үшінші тұлғалар алдындағы өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру брокері сақтандыру шартын жасаған сәттен бастап мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) сақтандыру ұйымына төленетін сақтандыру сыйлықақысының сомасына:

Дт 341 "Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары"

Кт 671 "Алу шоттары" (сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алуға арналған бөлек субшот);

2) сақтандыру ұйымына нақты аударылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт 671 "Алу шоттары" (сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алуға арналған бөлек субшот)

Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша";

3) сақтандыру ұйымына аударылған сақтандыру сыйлықақыларын есептеу әдісіне сәйкес есепті кезеңнің шығыстарына жатқызу сомасына:

Дт 821 10 "Басқа да әкімшілік шығыстар"

Кт 341 "Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары

2-1-бөлім. "Өмірді сақтандыру" саласындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша операцияларды есепке алу

Ескерту: Нұсқаулық 2-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 5 желтоқсандағы N 155 қаулысымен .

1-тарау. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша операцияларды есепке алу

34-8. Өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша барлық сақтандыру сыйлықақыларының сомасы шарттың барлық қолдану мерзімі ішінде тиісті үлестері бар сақтандырушының (қайта сақтандырушының) шартта көзделген және сақтанушы (қайта сақтанушы) төлейтін кіріс ретінде т а н ы л а д ы .

Егер жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлейтіні көзделсе, сақтандыру сыйлықақысының толық көлемдегі барлық сомасы шарт күшіне енген сәттен бастап сақтандырушының (қайта сақтандырушының) кірісі болып танылады және осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес бухгалтерлік жазбалар о р ы н д а л а д ы .

Егер жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақысын шарттың қолданылу мерзімі немесе шартта белгіленген басқа мерзім аяқталғанға дейін жыл сайын (тоқсан сайын, ай сайын) төлейтіні көзделсе, кіріс алуға есептелген мөлшерде, бір жыл (тоқсан, ай) ішінде танылады және мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) шарттың талабына сәйкес сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) алынатын мөлшерде есептелген кірістер сомасына:

Дт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары",

301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары"

Кт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер";

2) нақты түскен сақтандыру сыйлықақы сомасына:

Дт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",

451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша"

Кт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары",

301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары".

34-9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында белгіленген кезеңділікпен сақтанушы (қайта сақтанушы) шарттың талаптарына сәйкес төлейтін инвестициялық кіріс есептеледі және мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 801 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар" (инвестициялық кіріс сомаларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот)

Кт 671 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты кредиторлық берешек" (инвестициялық кіріс бойынша сақтанушылардың алдындағы берешекті есепке алуға арналған жеке қосалқы шот).

34-10. Сақтанушы (қайта сақтанушы) өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша төлеуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының сомасы шартта келісілген ақы төлеу талаптарына қатысты кіріс ретінде танылады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеу көзделсе, кіріс шарт күшіне енгізілген күннен бастап толық көлемде танылады, бухгалтерлік жазбалар осы Нұсқаулықтың 6-тармағына с ә й к е с о р ы н д а л а д ы .

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу көзделсе, кіріс шартты қолдану мерзімі аяқталғанға дейін онда белгіленген тиісті үлестермен танылады, бухгалтерлік жазбалар осы Нұсқаулықтың 34-8-тармағына сәйкес орындалады.

34-11. Сақтанушы жеңілдік кезеңі (сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі) басталған күннен бастап кезекті сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы мерзімін өткізіп алу шоттарына жатқызылады және мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 301 47 "Сақтанушылардың сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі",

Кт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары".

34-12. Сақтандырушы сақтанушының кінәсы бойынша төленбеген (жеңілдік кезеңі ішінде мерзімі өткен) және қайта сақтандырушыға аударуға тиісті сақтандыру сыйлықақысының сомасына қайта сақтандыру шартын жасаған жағдайда мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 801 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар" (мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот),

Кт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу" (мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот).

34-13. Сақтанушыдан мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомалары түскен кезде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша",

441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша"

Кт 301 47 "Сақтанушылардың сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі";

және бір мезгілде қайта сақтандырушыға аударылатын сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт 671 42 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу" (мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алуға арналған жеке қосалқы шот)

Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",

432 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша".

34-14. Өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сақтандырушы (қайта сақтандырушы) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тұлғаға келтірілген шығыстар шегерілген сатып алу сомасын төлейді және мынадай бухгалтерлік ж а з б а л а р о р ы н д а л а д ы :

1) толық алынбаған сақтандыру сыйлықақыларын түзету сомасына:

Дт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер"

Кт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары";

2) сатып алу сомасын қайтару сомасына:

Дт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер",

801 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар" (жеке қосалқы шот ашылады)

Кт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",

671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу";

3) нақты төлем кезінде:

Дт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",

671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"

Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",

451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша".

34-15. Қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптары сақтанушының (қайта сақтанушының) бастамасы бойынша өзгерген және сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы азайған (ұлғайған)

жағдайда, сақтандырушы (қайта сақтандырушы) сақтандыру сомасын қайта есептейді және сақтандыру сыйлықақысының жаңа мөлшерін белгілейді.

Сақтанушы сақтандыру сомасын азайтқан кезде сақтандырушы (қайта сақтандырушы) бұрынғы және жаңа сақтандыру сомасы арасындағы айырманы сақтанушының (қайта сақтанушының) қалауы бойынша не оған төленетін не болашақ сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін есептелетін төленген сақтандыру сыйлықақысын ескере отырып айқындайды және мынадай бухгалтерлік жазбалар орындалады:

1) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) бұрынғы және жаңа сақтандыру сомасы арасындағы айырма төленетін сомаға:

Дт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер",
Кт 301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары",
301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары"
671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",
671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу";

2) нақты төлеу кезінде:

Дт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",
671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",
451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша";

3) пайда болған айырманы болашақ сақтандыру сыйлықақысын төлеу есебіне есепке алған кезде:

Дт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",
671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу"
Кт 611 "Болашақ кезеңдер кірістері" (жеке қосалқы шот ашылады);

4) пайда болған, болашақ сақтандыру сыйлықақысын төлеу есебіне жатқызылған айырма сақтандырушының (қайта сақтандырушының) кірісіне сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында белгіленген кезеңділікпен тепе-тең негізде жатқызылады:

Дт 611 "Болашақ кезеңдер кірістері" (жеке қосалқы шот ашылады)
Кт 701 41 "Сақтандыру сыйлықақысы түріндегі кірістер".

Сақтанушы сақтандыру сомасын сақтанушы (қайта сақтанушы) төлейтін сақтандыру сыйлықақысының сомасына ұлғайтқан кезде сақтандырушы (қайта сақтандырушы) осы Нұсқаулықтың 34-8-тармағына сәйкес бухгалтерлік жазбаларды орындайды.

2-тарау. Ұсынылған заемдар бойынша операцияларды есепке алу

34-16. Сақтандырушы сатып алу сомасы шегінде сақтанушыларға заем ұсынған кезде ұсынылған заем сомасына мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 403 21 "Клиенттерге ұсынылған қысқа мерзімді заемдар",
403 22 "Клиенттерге ұсынылған ұзақ мерзімді заемдар"
Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",
451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша".

34-17. Сақтандырушы заем беру туралы шарттың талаптарына сәйкес ай сайын сыйақы есептейді және мынадай бухгалтерлік жазбаларды орындайды:

1) сыйақы түрінде есептелген кірістер сомасына:

Дт 332 25 "Клиенттерге ұсынылған кірістер, заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген",

Кт 724 25 "Заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер";

2) негізгі борышты және есептелген сыйақыны өтеу сомасына:

Дт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",

Кт 403 21 "Клиенттерге ұсынылған қысқа мерзімді заемдар",

403 22 "Клиенттерге ұсынылған ұзақ мерзімді заемдар",

332 25 "Клиенттерге ұсынылған кірістер, заемдар бойынша сыйақы түрінде есептелген".

3-тарау. Сақтандыру резервтері бойынша операцияларды есепке алу

34-18. Өмірді сақтандыру шарттары бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастырған кезде қалыптастырылатын резерв сомасына мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 801 43 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар",

Кт 687 43 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резерві".

34-19. Қайта сақтандыру шартына сәйкес тәуекелдердің бір бөлігін қайта сақтандырушыға берген кезде сақтандырушы қайта сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап сақтандыру резервтері бойынша қайта сақтандыру активтері сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны орындайды:

Дт 301 50 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері"

Кт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге байланысты кірістер".

Ескерту: 34-19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

*2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.*

34-20. Актуарлық қорытындылар негізінде сақтандыру резервтерін азайтқан (түзеткен) кезде және сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгерткен жағдайда мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 687 43 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резерві",
Кт 801 43 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар".

34-21. Сақтандырушы қайта сақтандыру активтері азайтылған (түзетілген) кезде қайта сақтандыру шартына сәйкес бухгалтерлік есепте қайта сақтандыру активтерін азайтады және мынадай бухгалтерлік жазбаны орындайды:

Дт 701 42 "Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуге байланысты кірістер"
Кт 301 50 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері".

Ескерту: 34-21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

34-22. Сақтандырушының жария етілген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін қалыптастыруы осы Нұсқаулықтың 13-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жүргізіледі. Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активі осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көрсетіледі. Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануы осы Нұсқаулықтың 27-1, 27-2, 27-3 және 27-4 тармақтарына сәйкес көрсетіледі.

Ескерту: 34-22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4-тарау. Сақтандыру төлемдері бойынша операцияларды есепке алу

34-23. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандырушы (қайта сақтандырушы) сақтандыру шартына сәйкес сақтанушыға (қайта сақтанушыға) немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сай сақтандыру сомасын алуға уәкілетті тұлғаға сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша берешек сомасына азайтылған сақтандыру төлемін төлейді және мынадай

бухгалтерлік жазбалар орындалады:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру төлемі сомасын есептеген кезде:

Дт 687 43 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындардың резерві",
687 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резерві"
Кт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу",
671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",
301 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары",
301 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары";

және бір мезгілде осы сомаға:

Дт 801 47 "Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар",

Кт 801 43 "Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар",

801 45 "Жария етілген, бірақ реттелмеген шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар";

шарт талаптарын сақтай отырып сақтандыру сомасын және жинақталған инвестициялық кірісті нақты төлеу сомасына:

Дт 671 43 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу",
671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",
671 40 "Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты кредиторлық берешек" (инвестициялық кіріс бойынша сақтанушылар алдындағы берешекті есепке алуға арналған жеке қосалқы шот),

Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",
432 02 "Ағымдағы шоттардағы шетел валютасындағы ақша",
451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша".

5-тарау. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша операцияларды есепке алу

34-24. Сақтанушы аннуитет шартын сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бір жолғы (бір рет) төлейтін талаппен жасаған кезде, сақтандырушы сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кіріс сомасына осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес бухгалтерлік жазбалар орындайды.

Сақтанушы аннуитет шартын шартпен белгіленген мерзімнің аяғына дейін

сақтандыру сыйлықақысын кезеңді негізде төлейтін талаппен жасаған кезде, сақтандырушы осы Нұсқаулықтың 34-8-тармағына сәйкес бухгалтерлік жазбалар орындайды.

34-25. Аннуитет шарты бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба орындалады:

Дт 801 44 "Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар",

Кт 687 44 "Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резерві".

34-26. Сақтанушы тарапынан сақтандыру сыйлықақыларын төлеу мерзімі аяқталған соң, сақтандырушы аннуитет шартында белгіленген кезеңділікпен сақтандыру сыйлықақыларының (аннуитет) сомасын есептейді және мынадай бухгалтерлік жазбалар орындайды:

1) есептелген кезеңді төлемдер сомасына:

Дт 687 44 "Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резерві",

Кт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу";

және бір мезгілде,

Дт 801 47 "Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар",

Кт 801 44 "Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резервін қалыптастыру бойынша шығыстар";

2) аннуитет сомасы нақты төленген кезде:

Дт 671 44 "Сақтанушылармен есеп айырысу",

Кт 441 02 "Ағымдағы шоттардағы ұлттық валютадағы ақша",

451 "Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша".

34-27. Өмірді жинақтаушы және жинақтаушы емес шарттарды қайта сақтандыру бойынша операцияларды есепке алу осы Нұсқаулықтың 5-тарауына сәйкес жүзеге асырылады. Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануы осы Нұсқаулықтың 27-1, 27-2, 27-3 және 27-4 тармақтарына сәйкес көрсетіледі.

Ескерту: 34-27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3-бөлім. Қорытынды ереже

35. Осы нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарда көзделген тәртіппен шешіледі.

Ескерту: 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. N 114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК